

# Кез келген мемлекеттің басты байлығы – адам

Халық денсаулығы – мемлекет болашағының негізі. Ел денсаулығының жақсы болуы оның өмір сүру салтына тікелей байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Сондықтан да бул маңызды мәселеге Елбасы үнемі айрышка көніл боліп келеді. Бұқіл адамзат үшін індегі болып келген коронавирус дергіне қатысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін женеді» атты мақаласы жарияланды. Жаһандану кезеңіндегі қазақ елінің жетістіктері, бейбітсүйгіш саясаты, табистары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол посткеңестік кезеңдегі қызын-қыстау шакта казақ елін жарқын болашаққа бастай білді. Құнды тәжірибелерді халық даналығымен үштастыра білген Елбасы қазіргі ғаламдану кезеңінің қауіп-көтерлеріне тоқсаяуыл қойып, ез халқының және әлем мемлекеттерінің болашақта «бейбіт өмір сүріп, жаңа серпіндер, жетістіктерге жете беруін» қалай жүзеге асыруға болады деген маңызды мәселелерді үнемі көтеріп келеді. Қазіргі таңда халық денсаулығына қауіп төніп тұрған кезде де бағдаршамдық ұстанымдарын жариялада отыр. Бұл мақаланы тұжырымдамалық мазмұндағы рухани жауапкершілігі зор дүние десек болады.

Біріншіден, Елбасы өз мақаласында «Қазақстан қауіпті дергітін алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індептің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады» деп нақтылады.

Шындығында, Қазақстан Республикасы халық денсаулығының жай-куйі, санитарлық-эпидемиологиялық ахуал және денсаулық сақтау жүйесінің дамуы соңғы онжылдықта оң үрдістермен сипатталды. Соңғы жылдары негізгі медициналық көрсеткіштерді – тууды, өлім-жітімді өмір сүрудің орташа үзактығын тұрақтандыруға кол жеткізілді. Жүкпалы аурулармен ауыру көрсеткіштің теменdedе.



«Салауатты өмір салты» бағдарламасы аясында салауатты өмір салтын қалыптастырудың кешендей, үзіліссіз және орынкүшті жүйесін күру бойынша іс-шаралар кешені 3 кезеңде жүргізілді. Осы бағдарлама аясында шекараны санитариялық қорғау жүйесін қалыптасты, мемлекеттік шекарарада ел аумағын аса қауіпті инфекциялық аурулардың экелінуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз етегін санитариялық-карантиндік пункттер желісі кеңейтілді. Жалпы дәрігерлік практика қағидаты бойынша жұмыс істейтін медициналық-санитариялық алғашқы қомек қызметін реформалау жүргізілді. Қан айналымы жүйесі ауруларын ерте анықтау шаралары, әйелдерге скринингтік зерттеу жүргізілді. Осы шаралар негізінде елімізде халық денсаулығының гайдауға үлкен қадамдар жасалынды.

Екіншіден, Елбасы осы мақаласында «Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай атамыздың «Кімге достығын болса, достық достық шақырады» деген дана қағидасын басылыққа алып, әлемнің барлық мемлекеттімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Еремендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбебейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтардың ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді» деп айшықтайды.

Қазіргі таңда елімізге Қытай Халық Республикасынан дәрігерлердің жіберілуі, дәрі-дәрмекпен көмектесуі осының айғағы іспеттес.

Ушіншіден, Елбасы осы дүниесінде «Әдетте жүрт көніл алаң осындағы кезде ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар ез мұддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықтың әртүрлі сондай азғырынды, аразан әңгімелерге еруден сақ болуға шакырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғайшыл қүшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Гайбат пен байбалам орынағының ғылым-біліммен шүғылданған азбал» деген парасатты пікір білдіреді. Бұл пікір ете маңызды, себебі халық денсаулығына, өміріне қауіп төнген кездеңі ең еткір ішкі саяси мәселелердің қатарына саяси тұрақтылықты сақтау кіреді. Қазіргі терең құрылымдық-функционалдық өзгерістер кезеңінде ішкі және сыртқы қауіпсіздікі қамтамасыз етіп, тұрақтылықты сақтау міндеті қойылады. Сондықтан Қазақстан Республикасы үшін сыртқы арандатушылық топтардың ықпалына, олар құрган торға түспей, «революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен» дамуды жалғастырып, қыншылықтардың барлығын жалпы халық болып және білуіміз – ортақ ұлттық мұддеміз болып табылады.

Елбасы бастаған сара жолдан айнымай, саяси-экономикалық, әлеуметтік жаңғыртуды жалғастыруды ете өзекті мәселе деп есептеймін. Дер кезінде іргелі реформалар жүргізе алмаған ел – жаһандық жаңа қауіп-көтерлерге қарсы тұра алмайды және мұндай тұрғыдағы мемлекет өз дәүірінің кеңістіктік-уақыттық контентінен тыс қалып қояды.

Елбасының коронавирус індепті қауіп төніп тұрған жағдайда халықтың дем беріп, тығырықтан шығар жолдарды ұсынуы – жаһандық сын-көтерлер талабынан туындаған батыл қадамдар. Осы тұрғыда, еліміздегі жастар бойында Қазақстанның бірлігіне, территориялық тұтастығына қауіп төндіретін – шовинизм, ксенофобия, трайбализм, діни төзімсіздік сияқты жалған идеялардың таралуына жол бермеуге үлес косу – аға үрпақтың басты парызы.

**Даригия ҚОЖАМЖАРОВА,  
М.Әүезов атындағы ОҚМУ ректоры.**